



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

22.08.2016 ж. № 103-НҚ

Ақтау қаласы

город Актау

«Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру және таратушы желілері арқылы суды (ыстық су) беру қызметтеріне 2016-2019 жылдарға тарифтер және тарифтік сметалардың шекті деңгейін төтенше реттеуші шара ретінде бекіту туралы

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңының 15 бабы 1) тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі №213-НҚ бұйрығымен бекітілген, «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелердің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидасының 3 бөлімінің 25 тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **2016 жылғы 1 қыркүйек 2019 жылғы 1 қыркүйек аралығына «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының тарифтерінің шекті деңгейі:**

- жылу энергиясын өндіру қызметіне 1 Гкал-ға 1836,87 теңге-тиын (ҚҚС-сыз);

- таратушы желілері арқылы суды (ыстық су) беру қызметіне 1 текше метрі үшін 357,03 теңге-тиын (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітілсін.

2. «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру және таратушы желілері арқылы суды (ыстық су) беру қызметтерінің тарифтік сметалары №1, №2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Департаментінің 2015 жылғы 27 шілдедегі №73-НҚ ««Өзен

Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау және суды таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тарифтердің және тарифтік сметалардың шекті деңгейін бекіту туралы» бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімі (Әбдіғалиев Ә.Қ.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің және «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарларына жеткізсін.

5. «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны тарифті қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

6. Тарифтік сметалардың орындалу жауапкершілігі «Өзен Жылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бірінші басшысына жүктелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енетін 1-бабын есепке алмағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының м.а.



Б.Бекмұратов